

**Құрметті Құрылтай депутаттары,
Үкімет мүшелері!
Қадірлі қауым!**

Баршаңызға бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуы құтты болсын!

Бүгін еліміз өзінің даму жолында аса маңызды кезеңге аяқ басты. Бұл – мемлекетіміз үшін мән-мағынасы айрықша оқиға, тарихи сәт. Біз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашып отырмыз.

Бүгін жалпыұлттық референдум кезінде Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конституцияға сәйкес еліміздің бір палаталы заң шығарушы органы – Құрылтай ресми түрде өз жұмысына кіріседі. Бұл – мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз.

Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі.



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Ақмешіт

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

29 тамыз
сенбі

№65 (2277)

2026 жыл

САНАСЫ СЕРГЕК, ОЙЫ АЗАТ ҰЛТ ӨТКЕН КҮННЕН САБАҚ АЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

**Құрметті Құрылтай депутаттары,
Үкімет мүшелері!
Қадірлі қауым!**

Баршаңызға бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуы құтты болсын!

Бүгін еліміз өзінің даму жолында аса маңызды кезеңге аяқ басты. Бұл – мемлекетіміз үшін мән-мағынасы айрықша оқиға, тарихи сәт. Біз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашып отырмыз.

Бүгін жалпыұлттық референдум кезінде Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конституцияға сәйкес еліміздің бір палаталы заң шығарушы органы – Құрылтай ресми түрде өз жұмысына кіріседі. Бұл – мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз.

Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі.

Осы тарихи миссияны атқару сіздерге жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші шақырылымының депутаты болу – ең алдымен, ерекше сәт. Бұл – үлкен бақыт деп айтсақ, қате болмас. Осы аса абыройлы атқа сай лайықты қызмет етесіздер деп сенемін!

Азаматтар елімізде жүзеге асып жатқан ауқымды өзгерістерді жаппай қолдауда. Мұны Құрылтай сайлауы айқын аңғартты. Осы науқанға азаматтарымыздың 74 пайыздан астамы қатысып, дауыс берді. Халқымыз ел тағдырына әсер ететін тарихи таңдауын жасады. Жұртымыз бұл іске зор жауапкершілікпен қарап, қоғамымыздың ауызбіршілігін паш етті. Осылайша, ел бірлігінің мызғымас тірегіне айналған «Әралуан пікір – біртұтас ұлт» қағидаты нақты жүзеге асты.

Құрылтай сайлауына шетел азаматтарының қызығу-шылығы өте жоғары болды. Қазақстанға беделді халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттен 800-ге жуық байқаушы келді. Бұл – ұлттық парламентаризм тарихындағы ең жоғары көрсеткіш.

Сайлау ашық әрі әділ өтті, өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бүгінде азаматтарымыз саясатқа оң көзбен қарап, қоғамдық істерге белсене араласатын болды. Бұл – жақсы үрдіс. Мұны жұртшылықтың депутаттарға қоятын талабы әрдайым жоғары болады деп түсінген жөн.



Қазіргі заман құр уәденің, жалған сөз бен жалаң ұранның уақыты емес. Біздің қоғам кемелдене бастады. Ел ішінде кәсіби Парламентке деген сұраныс артқанын көріп отырмыз. Құрылтайға білікті мамандардың келуі – осының айқын дәлелі. Әрине, бәсекенің аты – бәсеке. Біреу ұтады, біреу ұтылады. Алайда елімізде өз пікірін білдіруге, өз көзқарасын айтуға неше түрлі тетік бар. Заңымызға сай келетін түрлі мардымды пікірлер, ұсыныстар неғұрлым көп айтылса, елімізге де соғұрлым тиімді болады, нақты пайдасы тиеді.

Жалпы, бұл сайлаудың мәні де, мазмұны да өзгеше болды. Себебі өткен сайлау ең алдымен Қазақстандағы саяси алуандықтың жаңа сапалы деңгейге көтерілгенін байқатты. Партиялар өзінің әлеуетін толық көрсетті. Өз бағдарламасын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп, жеткізе білді. Науқанға қатысқан барлық партияның ұсыныстары жұртшылықтың назарын аударды, қоғамдық өмірге үлкен серпін берді. Көптеген байқаушылар партиялардың арасында ашық бәсеке болғанын айтты.

Шын мәнінде, әр партияның өз бағдары, ұстанымы және идеологиясы бар. Науқан барысында олардың қоғамдағы рөлі, саяси жүйедегі орны айқындала түсті. Мұны Құрылтай сайлауының негізгі жетістігі деп бағалауға болады. Осындай оң өзгерістердің арқасында Қазақстандағы саяси-қоғамдық мәдениет үнемі дамып, жетіліп отырады.

Болашақта партиялардың билік жүйесіндегі ықпалы да күшейе түседі. Әр науқан сайын олардың рөлі арта бермек. Сондықтан партиялар алған бағыттарынан таймай, сайлаушылармен жұмысты жалғастыра беруі керек. Сонда ғана саяси ұйымдардың беделі күшейе түседі.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, партиялар ұсынған бағдарламалардың мазмұнына ерекше тоқталғым келеді. Бұл құжаттарда тың идеялар, тиімді ұсыныстар бар. Оның бәрі де алдағы жұмыс барысында мүжіят сараланады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін ең ұтымды шешімдер Үкіметтің жұмысында ескерілуге тиіс.

Сайлауда «Әділет» партиясы басым дауыспен жеңіске жетіп, Құрылтайда конституциялық көпшілікті құрап отыр. Сондықтан «Әділет» партиясына қойылатын талап та, артылатын үміт те, сенім де аса жоғары. Осы орайда, қоғамды ортақ мүддеге ұйыстырып, реформалардың қозғаушы күші болу өте маңызды. Бұл міндет ойдағыдай орындалады деп сенемін.

Жалпы, Құрылтайдың алғашқы құрамына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Депутаттар халықтың аманатына адал болып, мемлекет мүддесіне қызмет етуі керек. Бұл – анық ақиқат. Мұны ешқашан естен шығармау қажет.

Қазіргі таңда еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Қазақстан жаңа өрлеу кезеңіне қадам басты. Биыл еліміздің болашағы үшін мән-маңызы зор көптеген тарихи оқиғалар болды. Халқымыз аз уақыт ішінде бір ұлт болып көп жұмыс атқарды. Елімізде жалпыұлттық референдум арқылы ауқымды конституциялық реформа табысты жүзеге асырылды. Осылайша, біз нағыз Халық Конституциясын қабылдадық.

Жаңа Конституцияның өз күшіне енуін төл тарихымыздағы аса маңызды бетбұрыс деп бағалауға болады. Соның нәтижесінде өсіп-өркендеуімізге жол ашатын мықты заңды негіз қалыптасты. Қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп бере алатын мүлде жаңа саяси-құқықтық жүйенің іргетасы қаланды. Бұл жүйе мемлекет құрылымын толық жаңғыртып, билік институттарының тиімділігін арттырады, сондай-ақ, азаматтарымыздың ел басқару ісіне атсалысуына нақты мүмкіндік береді.

Реформаның арқасында тарихи тамыры тереңде жатқан Құрылтай ұғымы қайта жаңғырды. Ата-бабамыз ел тағдыры шешілетін сындарлы сәттерде Құрылтай шақырған. Мысалы, Талас құрылтайы алып империя – Алтын орданың құрылуына себепкер болды. Ал Ордабасы құрылтайы қиын-қыстау кезеңде барша қазақты бір байрақтың астына жинады.


Бұл ұғым Ұлы даладағы парламентаризм институтының жылнамасы тереңде екенін айғақтайды. Сондықтан заң шығарушы органға Құрылтай деген атау бердік. Бұл – өткенді көксеу емес. Бұл – тарихи сабақтастықты сақтау, саяси дәстүрді заманауи басқару жүйесімен ұштастыру деген сөз. Құрылтай ұғымы халқымыздың өткенін, бірегей болмысын және жарқын болашаққа деген ұмтылысын айшықтайды.

Біз өскелең ұрпақтың игілігі үшін ынтымағы жарасқан, Заң мен тәртіп үстемдік құрған Әділетті, Қауіпсіз, Таза және Күшті Қазақстанды құрып жатырмыз. Алда ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сіздер осы миссияны іске асыруға белсене атсалысып, ең алдымен ұлттың, жалпы халықтың мүддесіне адал қызмет етесіздер деп сенемін.

2-БЕТТЕ

■ ЖАҢА ЖОБА

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



Сырдария – талай тарихтың куәсі болған қасиетті өзен. Енді оның қос жағалауын жалғайтын жаңа көпір шаһардың сәулеттік келбетіне көрік қосып, қала тұрғындары үшін қолайлы қатынас жолына айналмақ. Бүгін осы маңызды жобаның алғашқы қадамы жасалып, Сырдария үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылыс қапсуласы салынды. Ел игілігіне бағытталған шараға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысып, жаңа нысанның бой көтеруіне ақжолтай тілектерін білдірді. Сыр елінің бас шаһарын жаңғыртуда бағытталған бұл жоба – қаланың заманауи келбетіне серпін беретін бастамалардың бірі ғана.

Шарада аймақ басшысы Сыр елінің бас шаһарының дамуына серпін беретін жобаларға тоқталды. Соның бірі – Сырдария өзені арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы. «Астана» шағын ауданы мен Президент саябағын жалғайтын, қаламыздың жаңа сәулеттік келбетін айшықтайтын маңызды инфрақұрылымдық жоба Нұрлыбек Машбекұлының бастамасы болатын.

4-БЕТТЕ

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалды. Биылғы оқу жылында мемлекет білім саласына бірқатар өзгеріс енгізбекші. Атап айтқанда, оқушы формасынан бастап бастауыш сыныптардағы бағалау көрсеткіштері өзгермек. Анығын айтқанда, оқушыға мектеп формасы міндеттеліп отыр. Ал талантты орындамағандарға айыппұл салынады. 1-4 сыныптарда төксандық жиынтық бақылау алынып тасталады. Оқушылар сабақ кезінде смартфон ұстамайды. Тағы бір атап айтар жаңалық, оқушылар енді дикиант пен мазмұндама жазады. Бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – білім сапасын арттыру.

БАСТЫ МІНДЕТ — БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰРПАҚ ТӘРБИЛЕУ

Сыр өңірінің білім саласына жоғары баға берілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық тамыз конференциясында Қызылорда облысы түлектерінің ҰБТ нәтижесін ерекше атап өтті.

– Осы тұста Ұлттық бірңғай тестілеудің биылғы нәтижелеріне тоқталғым келеді. Мәселен, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстарының,

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ



сондай-ақ, Астана және Алматы қалаларының түлектері жоғары көрсеткішке қол жеткізді, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл – Сыр өңіріндегі білім саласында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі. Соңғы үш жылда аймақта білім саласын жаңғыртуға, жаңа мектептер салуға және педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыруға басымдық берілуде. Соның нәтижесінде бүгінде оқушылар ҰБТ-жоғары жетістікке жетіп, алдыңғы орыннан көрінді. Бұл – жауапкершіліктің, аймақ мұғалімдерінің қажырлы еңбегінің нәтижесі.

4-БЕТТЕ

БӘЙТЕРЕККЕ БАРАР ЖОЛ

Қызылорда қаласы күннен күнге жаңара түсуде. Мұны кейінгі кезде салынған зәулім ғимараттар мен түрлі нысандардан аңғаруға болады. Тактайдай тегіс көшелерде қала көркін аша түсуде. Бұрын «шет аймақ шетте қалды» деп көп айтылатын.

4-БЕТТЕ

САНАСЫ СЕРГЕК, ОЙЫ АЗАТ ҰЛТ ӨТКЕН КҮННЕН САБАҚ АЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

**Қымбатты отандастар!
Құрметті жиынға қатысушылар!**

Әлемдегі оқиғалар тасыған селдей жүйесіз, бейберекет сипатқа ие, алдымызда не боларын болжаудың өзі қиын. Бұл катаклизмдерден елдер мен халықтардың ешбірі тыс қалған жоқ. Мемлекеттердің, әсіресе ірі елдердің арасындағы сенімге селкеу түсті. Бұл БҰҰ мен оның институттарының қызметіне зардабын тигізуде. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі жаһандағы және аймақтардағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау миссиясын атқара алмай отыр.

Осы аласапыранда өңірлік халықаралық ұйымдар алға шығып, олардың рөлі айтарлықтай артты. Әлемдік аренада «Орта державалар» деп аталатын мемлекеттер бой көрсете бастады. Қазақстан да аталған санатқа кіреді.

Сонымен қатар тұрлаусыз әлемде салыстырмалы түрде жаңа үдеріс белең алды. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарыштап дамуда. Бұл үдерістің түптің түбінде қайда апарып соғары беймәлім, тіпті, қазіргі нәтижелердің өзі есқұдай пікір тудырады. Кейде мұны осы технологияны ойлап табатындар да түсіне бермейді.

Мәселен, таяу келешекте ядролық қарудың орнын жасанды интеллект құралдары алмастыруы мүмкін деген болжам айтылды. Мұның бәрі әлемнің дамуы заңдылық пен қисыннан ада екенін көрсетеді. Ал оның зардабын келешек ұрпақ тартады.

Әлемде жаңа тәртіп қалыптасып жатыр. Ол кереғар сипатқа ие: бір жағынан – қауіпті, зиянды, келешегі бұлыңғыр, ал екінші жағынан – ілгері, технологиялық, перспективті әрі адамзат тарихындағы елеулі бетбұрыс саналады.

Мұндай жағдайда экономика, ғылым, әскери-дипломатия салаларында өзінің егемендігін нақты іспен қорғап, нығайтұға қауқарлы, ең маңыздысы, адам әлеуетін дамытатын мемлекеттер ғана жаңа дәуірге бейімделетіні бәршаға түсінікті.

Дәл осы себепті мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту стратегиялық тұрғыдан маңызды. Мектангершілік емес, әділін айтсақ, біз жүргізіп жатқан ауқымды реформалардың қарқыны алдағы уақытта үдей түспесе, бәсеңдемейді. Қарапайым тілмен айтқанда, артка шегінер жол жоқ. Бұл – елеулі жетістік.

Қазақ елінде жүргізіліп жатқан реформалардың күн тәртібінде қазіргі, тіпті келешектегі ықтимал жаһандық сын-қатерлер мейлінше ескерілген. Бұл – аса маңызды. Басқаша айтқанда, сол сынақтарды еңсеру үшін алдын алу шаралары қабылданады.

Экономикада іргелі реформалар қолға алынды. Азаматтардың әл-ауқатын арттыру басты міндет ретінде белгіленді. Индустријландыру қарқын алды, экономиканың жаңа өндірістік негізі айқындалып келеді.

Мемлекет және шетелдік инвесторлар құйған қомақты қаржының нәтижесінде барлық өңірде жаңа өндіріс нысандары мен мындаған жұмыс орны ашылып жатыр.

Қазақстанда халық тұрмысы мен экономикалық өсім үшін аса қажетті коммуналдық, көлік, энергетика және су инфрақұрылымдарын жаңғырту үдерісі басталды.

Сіздер, депутаттар, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары кезінде ел ішін аралап, Қазақстанның бірте-бірте алып құрылыс алаңына айналып келе жатқанына куә болдыңыздар. Алайда үлкен құрылысқа қомақты инвестиция қажет. Мемлекет те бұдан тыс қалмауға тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ұзақмерзімді пайдасы бар стратегиялық маңызды жобаларды қаржыландыру, соның ішінде Ұлттық қордан қаржы бөлу жоспарланып отыр. Қаражат оңды-солды, мақсатсыз жұмсалмайды. Мұндай қауесетті еш нәрседен хабарсыз, ниеті теріс адамдар таратады.

Кез келген қордың, әсіресе, Ұлттық қордың тиімділігі, ең алдымен, келер ұрпақтың игілігі жолындағы зор табысқа, нақты нәтижеге қол жеткізумен өлшенеді.

Ұлттық қордың пайдасын балаларымыз көріп отыр. Олардың есепшотына қомақты қаражат аударылып жатыр (Жақында ұстаздар алдында сөйлеген сөзімде оның мөлшерін айттым). Келешекте өскелең ұрпаққа қызмет ететін заманауи, сапалы инфрақұрылымды дамытудымыз керек.

Басқаша айтқанда, еліміздің алдағы ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы дамуына берік негіз қаланады. Мемлекетіміздің іргесі де осы игі істердің арқасында беки түседі. Бұл мәселеге Қазақстан халқына арнаған Жолдауыма кеңірек тоқталамын.

Біздің қалағанымыздай желд болмаса да, еліміз ғылымды, озық цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні дамытуға ден қойып, инновациялық өркендеу жолына бағыт алды.

Біз әлеуметтік мемлекет ретінде азаматтардың әлеуетін арттыруға әрдайым баса мән береміз. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және креативті индустрия саласын жан-жақты дамытуға айрықша назар аударамыз. Мемлекет мақсатшыл, табанды, еңбекқор адамдарға әрдайым қолайлы жағдай жасайды.

Біз жастарға еңбек пен тәртіптің қаншалықты маңызды екенін түсіндіруіміз керек. Себебі, бұл – табысқа жетудің көзі. Азаматтарымыз жаңа дәуірде құқықтық сауатсыздық, әлеуметтік масылдық, жөнсіз сөз бен орыссыз сынның еш пайдасы жоқ екенін білуі қажет. Мұның бәрі – еліміздің өсіп-өркендеуіне бөгет болатын келергілер.

Саликалы ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ісіне айрықша мән беру керек. Мен бұл туралы Тамыз конференциясында арнайы айттым. Енді осы мәселеге Құрылтай қабырғасында қайта оралғанды жөн көріп отырмын. Ұлттың жадын күменді деректермен, бұрмаланған мәліметтермен улауға болмайды. Мұндай әрекет өткен күнге деген сенімді, келешекке деген үмітті әлсіретеді.

Біздің төл тарихымыз бен әдебиетіміз шет-шегі жоқ нәубет пен азапқа толы жылдардың жылнамасы емес. Өрине, біз өз тарихымыздағы қиын-қыстау кезеңдерді ешқашан ұмытпаймыз. Алайда халқымыздың басинан өткен қайғы-қасіретті ұлттық болымсымыздың арқауы етуге болмайды. Себебі ұлт тарихы тек жеңіліс пен сәтсіздіктерден тұрмайды, төл шешірімізде жарқын жеңістер мен жетістіктер аз болған жоқ.

Сондықтан жалпы әлем тарихына, басқа халықтардың тарихымен қатар, өз тарихымызға да үстірт және жеңіл-желпі, біржақты қарауға болмайды. Тарих өкіпе-ренішпен емес, ұлт мүддесін көздеген шынайы көзқараспен жазылуға тиіс. Бұл – ең алдымен өскелең ұрпақ үшін қажет дүние. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымыз мұны жақсы түсінеді деп ойлаймын.

Бүгінде еліміздегі қоғамдық өмірдің барлық саласы реформаланып, бірегей инновациялық стандарттар мен тәсілдер қолданылуда. Мемлекеттік институттар мен экономикада ғана емес, ең маңыздысы, азаматтық сана-сезім мен ұлт менталитетінде байлыпты әрі ауқымды жаңғыру үрдісі жүріп жатыр.

Басы 1-бетте



Соғыстан, дағдарыстан және қырғын-қабақ қатынастан көз аспаған қазіргі әлемде мұндай жүйелі қоғамдық трансформацияның өзін бірегей тәжірибе деп атауға болады. Бірде-бір аймақта мұндай үлгі етер мысал жоқ.

Қазақстан түбегейлі реформа жолына түсті, көзге айқын көрінетін өзгерістер жүріп жатқан елге айналды деп толық сеніммен айта аламыз.

Осы жаңғыру жолынан жаңылмай, қол жеткізген нәтижелерді орнықтыру үшін ұлтымыздың тарихи дамуындағы негізгі аспектілерге қатысты ұстанымымыз бен көзқарасымызды өзгерткен жөн.

Қоғамымыз аңыздарға емес, шынайылыққа арқа сүйеуі керек. Ескіліктің ансамбл, алға қарай ұмтылып, ғылымды дамытуға ден қоюға тиіс. Ауызымыс орақ органдар емес, істің адамы бағалануы қажет. Жалғандыққа жаны қас, шындыққа жақ халық болғанымыз жөн. Бұл аса маңызды қағидаттар келешек ұрпақ идеологиясының өзегіне айналуға тиіс. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан халқымыз тарихта талай сынаққа қасқайып қарсы тұрды. Енді өзінің күш-қуатын даму көкжиегін кеңейтуге жұмылдырса деген тілек бар. Жасампаздық пен еңбек қана мұратымызға жеткізеді.

Баршаның әлемдегі ахуалдың аса күрделі екенін, болжауға келмейтінін көріп-біліп отырсыздар. Өзара сенім жоғалған, тұрақсыздық белең алған мұндай алмағайып кезде Қазақстанның халықаралық беделі биік тұрғанын айрықша атап өткен жөн.

Жаһан елдері, соның ішінде әлемдік саясатта ықпалы зор мемлекеттердің өзі біздің пікірімізге құлақ асады. Бұл – өте маңызды. Біз ұлттық мүддемізді бәрінен биік қоя отырып, елімізге тән бейбітшілік, өзара достық пен тиімді серпестік құндылықтарын күллі әлемге табанды түрде дәріптей береміз.

Түтіптеп келгенде, ұлт болып ұйыса алмасақ, азаматтарымыз ортақ іске жұмылмаса, осы жетістіктердің ешқайсысы да болмас еді. Еліміздің басты қуаты, яғни, стратегиялық басымдығы – халықтың мызғымас бірлігінде және жасампаз рухында.

Біз озық ел ретінде биік максаттарға ұмтылуымыз керек. Ұсақ-түйек, кертартпа әңгімелерге, әлеуметтік енжарлыққа ұрынбай, ерқашан алға үмітпен, сеніммен қараямыз қажет. Біздің нақты жоспарымыз бар, бағдарымыз да – айқын. Тек өзімізге сеніп, табанды жұмыс істеуіміз керек.

Біз ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ісіне баса назар аударатын болдық, бұл жұмыс өз жалғасын табады. Бұл – ең алдымен, төл шешірімізді тұтас тану және оны жұрт жадында жаңғырту деген сөз. Тарих – ұлттың темірқазығы, халқымыздың баға жетпес қазынасы. Оны жалған намыс пен даңғаза мақтан үшін бұрмалау жақсылық әкелмейді.

Жігерімізді жасытып, кешегі күнге өкпе арта берсек, өскелең ұрпаққа қандай тәрбие береміз?! Біздің төл тарихымыз – қазіргі жең келешек ұрпақтар мақтан тұтарлық бірегей жылнама. Себебі, қазақ халқы – сан түрлі сынақтан, небір нәубеттен аман өтіп, қайсарлығын да, қаһармандығын да паш еткен халық. Санасы сергек, ойы азат ұлт өткен күннен сабақ алады, өткен тарихын биікке көтеріледі және әрдайым алға ұмтылады.

Әсіресе, қазір еліміз жаңа тарихи өрлеу кезеңіне қадам басып жатқан кезде бұл ұстаным айрықша маңызды. Біз жасампаз ұлт ретінде ақиқат пен аңыздың, шындық пен өтіріктің ара жігін ажыратып, жағымсыз кеселдерден бірқола арылуымыз керек. Кезінде Ұлы Абай айтқан «бес дұшпаннан», әсіресе, өнбейтін дау-дамайдан, бос сөз бен құр мақтанудан аулақ болғанымыз жөн. Ең алдымен, білім мен ғылымға жүгініп, нақты іспен айналысуымыз қажет. Онсыз әлем өркеніетіне ілесе алмай, көш соңында қалып қоюымыз мүмкін. Бірақ бұл бұған жол бермейсіз.

Төл тарихымызды тар жол, тайпақ кешсе де, алған бетінен қайтпаған, еңсесін тік ұстап, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет еткен тұлғалар жазды. Олар ұлтымыздың көрін алға бастады. Елімізді көркейтеміз десек, осындай ұлт перзенттерінің өмірін, ұстанымдарын үлгі-өнеге етуіміз керек. «Ондай болмақ қайда» деп, қол қусырып отыру – қаһарман жұртымызға тән қасиет емес. Рухы биік, жігері мықты адамдар өз отбасы мен қастерлі Отаны алдындағы жауапкершілікті терен сезінеді, ел игілігі үшін адал еңбек етеді. Өмірде табысты, қоғамда сыйлы болады. Шынайы отаншылдық дегеніміз де – осы.

Құрметті депутаттар!

Құрылтай жұмысының басталуы мемлекеттік басқару жүйесіндегі іргелі институционалды өзгерістерге жол ашады. Себебі Құрылтай билік жүйесін қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, Конституциялық сот судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері Құрылтайдың келісімімен тағайындалады. Депутаттар Президенттің ұсынуы бойынша Жоғарғы сот судьяларын сайлайды және қызметінен босата алады. Құрылтайға Конституциялық сот пен Жоғарғы сот судьяларын, сондай-ақ, депутаттарды құқықтық иммунитеттен айыру құзыреті берілген. Құрылтай Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджет туралы есептерін бекітеді, Конституциялық соттың жыл сайынғы жолдауын тыңдайды. Бұдан бөлек, депутаттар Үкіметке сенімсіздік білдіруге, Президентке Үкіметтің жекелеген мүшелерін қызметтен босату туралы ұсыныс білдіруге құқылы.

Бір сөзбен, Құрылтайға атқарушы және сот билігін қалыптастыруға, ел тағдырын айқындайтын стратегиялық маңызы бар мәселелерді шешуге қатысты аса ауқымды құзырет берілді. Біз, осылайша, заң шығарушы органның ықпалын едәуір күшейттік. Бұл – билік тармақтары арасындағы өзара теңгерім жүйесі нығая түседі деген сөз.

Жалпы, мемлекеттік және қоғамдық институттарды жүйелі түрде жаңғырту жұмысы жыл соңына дейін жалғасатын болады.

Енді мен Құрылтайдың алдында тұрған бірқатар маңызды міндеттерге тоқталып өтейін.

Бірінші. Жаңа Конституция нормаларын ескере отырып, еліміздің заңнамасына түзетулер енгізу қажет.

Жаңа конституциялық жүйеге өту барысында бұрынғы Парламент негізгі билік институттарының қызметін қамтамасыз ететін бірқатар маңызды заңдарды қабылдады. Енді Құрылтай әр салаға қатысты заңнаманы мұқият саралап, олардың Конституция қағидаттарына сай болуын қарауы керек.

Екінші. Құрылтай заң шығару үдерісінің тұрақтылығы мен сапасын қамтамасыз етуі керек.

Бұған дейін Сенат Мәжіліс қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін, құқықтық тұрғыдан дұрыстығын, нормалардың өзара үйлесімділігін тексеріп отырды. Бұл жұмысты жандандыру қажет.

Заң шығару – аса жауапты жұмыс. Заңдарымыз әділетті, халыққа түсінікті әрі озық, яғни заман талабына сай болуы керек. Себебі заң мемлекеттегі әр азаматтың тағдырына, өміріне әсер етеді. Сондықтан заңның әр нормасы, әр тармағы тыңғылықты қаралып, жан-жақты талқылануы қажет.

Заң шығару қызметінің сапасын арттыру және жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын алу үшін жасанды интеллектіні кеңінен қолдануға болады. Өрине, озық технологиялар кәсіби құқықтық сараптаманы алмастыра алмайды. Алайда технологияны сауатты пайдалану арқылы талдау жұмысының тиімділігін арттыруға болады. Депутаттар осы мүмкіндікті ұтымды қолдануы керек.

Қазіргі таңда менің бастамамен «E-Parliament» ақпараттық жүйесі әзірленіп жатыр. Бұл жүйе түйткілдерді заң арқылы алдын ала реттеуге мүмкіндік береді. Басты мақсат—цифрлыққызметтерді бір жерге тоғыстыру. Құзырлы органдар депутаттармен бірлесіп, осы платформаны Құрылтай қызметіне тезірек бейімдеуі қажет.

Еліміз үшін аса маңызды заң жобаларын сарапшылармен бірге жан-жақты талқылау керек. Бұл істе қағазбастылық пен салғырттыққа жол беруге болмайды. Құрылтай қоғамдағы өзекті мәселелерге дер кезінде үн қататын жалпұлттық диалог алаңына айналуы қажет. Депутаттардың қызметі заңдылық, ашықтық, өзара сыйластық, пікір алуандығы қағидаттарына негізделуге тиіс.

Үшінші. Депутаттар бірінші сессияда бірқатар маңызды заңдарды қабылдауы қажет.

Мен осы жылы жасанды интеллектіні орта білім беру саласына енгізу, цифрлық активтер индустриясын дамыту, Digital Qazaqstan стратегиясы туралы бірқатар Жарлық шығардым. Үкімет осы бағыттар бойынша қажетті заң жобаларын әзірлеп, Парламентке ұсынады.

Тағы бір мәселе. Біз елімізге кәсіби тұрғыдан жоғары білікті мамандарды, заманауи технологияларды және шетел капиталын көптеп тарту үшін жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Бұл іске тиіс серпін беру үшін «Алтын визаны» енгізудің маңызы зор. Сонымен қатар еліміздің көші-қон саясатын жетілдіру қажет. Үкімет тиісті заң жобасын Құрылтайға жолдауы керек. Депутаттарымыз оны тезірек қарағаны жөн болар. Биыл Үкімет «Кітапхана және баспа ісі туралы» заң жобасын да әзірлеп, Құрылтайға енгізуі қажет. Бұл – ұлтымыздың зияткерлік әлеуетін нығайту үшін қажетті құжат.

Бұдан бөлек, мен таяуда «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын енгізу жөнінде тапсырма бердім. Бұл мәртебелі марапаттар ұлт мәдениетіне қалтқысыз қызмет етіп, соның ішінде музыка және бейнелеу өнерін дамытуға елеулі үлес қосқан азаматтарға беріледі. Енді осы бастамаңыз заңнамалық негізін қалыптастыру қажет.

Бұдан бөлек, Құрылтай қос палаталы Парламенттің депутаттары қарап үлгермеген бірқатар заң жобасын қабылдауға тиіс. Ерекше қажеттілігі бар балаларды жан-жақты қолдау жөніндегі заңға баса назар аудару қажет. Мен осы мәселе жөнінде Ұлттық құрылтайдың Бұрабайдағы отырысында айттым. Біз ерекше қажеттілігі бар балаларға көрсетілетін атаулы қолдаудың тиімді жүйесін құруымыз керек. Олардың толыққанды білім алуына жағдай жасау қажет. Әсіресе, медициналық және әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру керек. Осындай балаларға арналған орталықтарды ер облыстың және үлкен аудандардың қалаларында салу қажет. Дәуешілер де осы маңызды іс-шараға қатысады деп сенемін. Мемлекет шын мұқтаж жандарға әрдайым қолдау көрсетуі керек. Бұл – мен үшін тұрақты ұстаным.

Жалпы, біз өскелең ұрпақтың қолайлы және, ең бастысы, қауіпсіз ортада өмір сүруі үшін барынша жағдай жасауымыз керек. Осы орайда, Үкімет 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіге тіркелуіне заң арқылы тыйым салуды ұсынып отыр. Бұл мәселеге таяуда өткен Тамыз конференциясында арнайы тоқталып өттім. Мұндай шара әлемнің көптеген елінде

қабылданып жатыр. Мен мұны қолдаймын. Осы жұмысқа баса назар аудару қажет деп санаймын. Бірақ тиісті заңды қабылдасақ, оны толығымен жүзеге асыру мәселесін ойлауымыз керек, себебі, қауқарсыз заң ешкімге қажет емес.

Энергетика саласының технологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, баламалы энергия көздерін дамытуға мүмкіндік беретін заң жобаларын да тездетіп қарастыру маңызды. Сондай-ақ онлайн-платформалар мен масс-медиа мәселесіне қатысты заңдарға айрықша назар аудару керек. Ақпарат кеңістігінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қосымша шаралар қабылдау қажет.

Түтіптеп келгенде, Құрылтай еліміздің заңнамаларын заман талабына сай жаңғыртуы керек. Ұлттық мүддені, жұртшылықты толғандыратын мәселелерді және қазіргі әлемдік үрдістерді ескере отырып, бұл жұмысты жедел әрі сапалы атқарған жөн.

Біз қазір қоғамда жаңа құндылықтарды орнықтырып жатырмыз. Бұл – күрделі, асқан ұқымтылықты талап ететін өте қажетті жұмыс. Жаңа этиканы қалыптастыру ісі ел алдындағы азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрысына, мінез-құлқына байланысты екені сөзсіз. Қоғамдық орындарда келеңсіз, жөнсіз әрекеттерге жол бермеу қажет. Депутаттар заң қабылдаумен қатар, жаңа қоғамдық этиканы дәріптеуге үлес қосуға тиіс. Бұл да – ұлттық мүддеге тікелей қатысы бар маңызды мәселе.

Жалпы, жұртымыз елдегі реформалардың қаншалықты нәтижелі болғанын, ең алдымен, сіздердің қызметтеріңізге қарап бағалайды. Бұрынғы Парламентпен салыстырғанда, Құрылтайдың құрамында әйелдер мен жастардың үлесі едәуір өсті. Ауқымды өзгерістер мемлекеттік басқару ісіне, әсіресе, жаңа буынның, яғни, жігерлі, отаншыл, еңбекқор жастардың келуіне себепші болды. Әкімдер құрамында, мемлекеттік мекемелерде, бизнес-те жас буын өкілдері алдыңғы қатарға шыға бастады. Бұл – біз жүргізген реформалардың аса маңызды нәтижесі. Ашығын айтсақ, институционалдық өзгерістердің түпкі мақсаты да – биліктің барлық тармағындағы қарларды жаңарту, яғни саясатқа жаңашыл, жасампаз адамдарды әкелу. Қазіргі заманда жетістіктер шешім, ескірген көзқарас, жалаң популизм ешкімге керек емес.

Бізге жауапкершіліктен қашпайтын, батыл, белсенді, білімді басшылар, нақты өзгеріс жасай білетін азаматтар қажет. Келер ұрпақ кейбір кемшілігімізге түсіністікпен қарайтын да шығар. Себебі жұмыс қателіксіз болмайды. Бірақ біз реформаларды аяғына дейін жеткізбей, Өділетті Қазақстанды құру жолындағы тарихи мүмкіндікті мүлт жіберсек, олар бізді ешқашан кешірмейді.

Қазіргідей жөз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан заманда бейқам, жасық әрі жауапсыз болсақ, тығырыққа тап боламыз. Еліміздің ертеңі әрбір депутаттың ынта-ықыласына, қажыр-қайратына және отаншылдығына байланысты екені сөзсіз. Сіздер – түрлі қызметте табысқа жетіп, мол тәжірибе жинаған білікті мамансыздар. Өздеріңізді жауапты, жұртқа жанашыр, бастамашыл азамат ретінде танытып келесіздер. Енді осы тәжірибені ел игілігіне жаратып, Қазақстанды дамыту үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін.

Құрметті депутаттар!

Құрылтайдың бірінші шақырылымы – ел дамуының жаңа белесі. Халық сіздерге зор сенім артып отыр. Енді сол сенімді ақтап, қоғамға пайдасы тиетін шаруамен айналысу қажет. Әрбір шешім елдің тағдырына, мемлекеттің болашағына тікелей ықпал етеді. Сондықтан әр қадам байыппен жасалуға тиіс. Жеке басты мүддесі емес, елдің мүддесі басты орында тұруы керек.

Құрылтай мемлекет пен халықтың арасында дәнекер болып, ұлтымызды ортақ іске ұйыстыруы қажет. Қазақстан парламентаризмін дамытуға елеулі еңбек сіңірген заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Ең басты игілік – бірлік» деген тамаша сөзі бар. Шын мәнінде, біз ырысты ынтымағымыздың арқасында мемлекетіміздің тұғырын нығайтып, нық сеніммен алға қадам басып келеміз. Береке бірлік бар жерге ғана тұрақтайды. Ауыз-бірішілігімізді сақтай білсек, әлі талай белесті бағындырамыз. Барлық мақсат-мұратымызға жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін.

Қадірлі қауым!

Жоғарыда атап өттім, жаңа Конституцияға сәйкес билік институттарын жасақтау жұмысын бастау үшін біз бірқатар рәсімді өткізуіміз керек. Ең алдымен, Құрылтайдың басшылық құрамын сайлап, құрылымын қалыптастыру қажет. Өздеріңізге мәлім, Конституцияның 57-бабына сәйкес, Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Президент ұсынады.

Мен жауапкершілігі зор бұл лауазымға Айбек Арқабайұлы Дәлбейдің кандидатурасын ұсынамын.

Сіздер бұл тұлғаны жақсы білесіздер. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде көп жыл қызмет етті. Тәжірибесі мол деп айтуға болады. Өзінің білімді, отаншыл, адал азамат екенін нақты істерімен дәлелдеді. Сондықтан оны осы лауазымға лайық деп санаймын. Құрылтай депутаттарынан Айбек Арқабайұлы Дәлбейдің кандидатурасын қолдауды сұраймын.

Ата заңға сәйкес, Үкімет жаңадан сайланған Құрылтай алдында өз өкілеттігін тоқтатады. Сондықтан Құрылтайдың құрылымы жасақталған соң мен өздеріңізге Вице-Президенттің және Премьер-Министрдің кандидатуралары бойынша ұсыныс



Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында «партократ» сөзі жағымсыз мағынаға ие болды. Сол кезеңдегі барлық киындықтар мен әлеуметтік күйзелістерді көпшілік партия қызметкерлерімен байланыстырды. Алайда жылдар биігінен қарайтын болсақ, мұндай жалпылама пікірлердің тым асығыс әрі негізсіз болғаны бүгінде анық байқалады.

Қызылорда облыстық партия комитетінің соңғы партия комиссиясының төрағасы Нұрмақ Тоқмырзаев болды. Менің алғашқы партиялық ұстаздарымның бірі болған Нұрекең биыл 93 жасқа толар еді. Оның өмірден өткеніне тура он жыл болды. 2016 жылдың жазында жүрегі сыр беріп, дүниеден озды.

Оны жақсы білетін жандар Нұрекеңнің өмір жолында аз сыннан өтпегенін, мұның денсаулығына кері әсер еткенін әрдайым еске алатын. Әкесі ерте қайтыс болып, анасы екі кішкентай ұлымен бірге туған-туыстарын паналауға мәжбүр болды.

Бұл – отызыншы жылдардың, соғыстың және соғыстан кейінгі ауыр кезеңдердің уақыты еді. Нұрмақ бала кезінен сол жылдардың ауыртпалығын иығымен көтерді, күндіз масақ теріп, кешкісін майшамның жарығымен сабаққа дайындалатын. Ересек өмірге нық қадам басу үшін одан үлкен күш-жігер, табандылық пен білім талап етілді.

Соған қарамастан, айналасындағы адамдарға, қарамағындағы қызметкерлерге қатысты қандай да бір шешім қабылдағанда, ол әрдайым мәселені жүрегінен өткізетін. Кей оның шешімдері көпшілікке ұнай бермейтін. Бірақ сол кезеңнің жағдайына сай, түптеп келгенде, олар әділетті болатын. Өйткені сөз қоғамдағы келенсіз құбылыстардың жолын кесу және оларды түп-тамырымен жою туралы еді.

Нұрекеңді өмірінің соңғы жылдарында жастардың рухани жұтандығы, қандай жолмен болса да байлыққа ұмтылуы, халықтың дәстүрлі адамгершілік құндылықтарының азғындауы қатты алаңдататын.

1980 жылы облыстық партия комитетінің аппаратына қызметке келгенімде, Нұрекең насихат және үгіт бөлімінің менгеруші орынбасары болып жұмыс істейтін. Оған бөлім қызметкерлерінің жұмысын үйлестіру, бөлімшенің тиімді қызмет атқаруына қажетті жағдай жасау міндеті жүктелген еді. Нұрмақ Тоқмырзаұлы бұл міндетті абыроймен атқарды.

Білімі бойынша философ болған ол басқарудың барлық тетігін шебер пайдаланып, бөлім жұмысының бірқалыпты жүруін қамтамасыз ететін. Сол жылдары бөлімде бес ғылым кандидаты – Нұрділдә Уәлиев, Қозыбек Асқаров, Жәлел Бәкіров, Абажи Айсаяуытов, Хатира Наурызбаева және екі

кәсіби журналист – Әскербек Рахымбеков, кейінірек Әділхан Байменов қызмет етті. Олардың әрқайсысы – өзіндік болмысы бар ерекше тұлғалар еді. Нұрекең олардың әрқайсысымен тіл табыса білді.

Осының арқасында бөлімдегі моральдық-психологиялық ахуал жоғары деңгейде болды. Қызметкерлер өздерін әрдайым қорғалғандай сезінді, кәсіби тұрғыдан өсіп, қызмет баспалдағымен көтерілді. Дәл сол кезеңде Қуаныш Шапшапов, Олжабай Сапарбаев, Еркін Айтұманов, Әскербек Рахымбеков, Әділхан Байменов, Асылбек Жұмабаев және осы жолдардың авторы дербес жұмыстарға, жоғары қызметтерге ұсынылды.

Бөлім қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынас шығармашылық әрі іскерлік сипатта болды. Бұған бөлім басшысы Нұрділдә

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков қазақ мәдениетінің шынайы жанашыры әрі насихатшысы еді. 80-жылдардың екінші жартысында ол Орталық телевидениенің түсіру тобымен бірге Сырдарияның төменгі ағысына арнайы келіп, айтыс, жырау және терме сияқты ән сайыстары мен дәстүрлі өнер түрлеріне арналған материалдар түсірді. Мақсаты – бұл өнерді басқа өңірлер мен елдердің тұрғындарына таныстыру болатын.

Сол жылдары Қызылордада республикалық семинар өтті. Қармақшы ауданында Қорқыт пен Тұрмағанбет Ізтілеуовке ескерткіштер ашылды. Ал бірыңғай саяси күндер қоғамдық пікірді зерттеудің тиімді көрсеткіштерінің біріне айналды. Әртүрлі деңгейдегі басшыларға ай сайын қойылатын сұрақтар білік

Кей жағдайда ресми ұстаныммен сәйкес келе бермейтін пікірін ашық айтатын. Сонымен бірге ол жақсы психолог әрі білікті менеджер болды. Жағдайды зерттеп, қажет болған кезде басқару тәсілдеріне түзетулер енгізетін.

Әдетте оның тапсырмалары салмақты әрі нақты болатын. Ол міндет қоя отырып, сол міндетті ең қарапайым әрі қысқа жолмен қалай шешуге болатынын да түсіндіретін. Қарамағындағыларға ешқашан дауыс көтеріп сөйлеспейтін. Бірақ сенің кемшілігіңді соншалықты дәл байқап, кейде тіпті әзілмен жеткізетін, одан өзімізді ыңғайсыз сезінетінбіз.

Нұрекең қарамағындағы қызметкерлердің кәсіби өсуі мен білім алуын ғана бақылап қоймай, күнделікті өмірде кездесетін түрлі мәселелерді шешуге де көмектесетін.

Бір ауданның партия конференциясы қарсаңында ол облыстық атқару комитетінің төрағасы Евгений Золотаревпен бірге актив жиналысын өткізіп, сондай хаттардың бірінде келтірілген деректердің шындыққа жанаспайтынын жұрт алдында дәлелдеді. Сондай-ақ коммунистердің аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы туралы пікірін тыңдады.

Коммунистермен ашық сөйлесу жабық есік артындағы әртүрлі әңгімелерге нүкте қойды. Ертеңгі конференцияда делегаттар өз басшысына бірауыздан қайта сенім білдіріп, оған жала жабылғанына қарамастан, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп қайта сайлады.

Нұрекеңнің адал достары көп болды. Олардың барлығымен қарым-қатынасы

ҰСТАЗ ТУРАЛЫ СӨЗ

Уәлиев, Нұрмақ Тоқмырзаұлы және облыстық партия комитетінің хатшысы Дәуірхан Айдаров арасындағы өзара қарым-қатынастың да ықпалы зор еді. Олардың арасындағы адамгершілікке негізделген жылы ахуал бізге жоғары тұрған басшылыққа жалтақтамай, еркін жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

Кейін Нұрмақ Тоқмырзаұлы Қызылорда қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Біраз уақыттан соң өзі біздің бөлімге басшылық етті, оның орынбасары Жәлел Бәкірұлы болды.

Жалпы, Айдаров–Уәлиев–Тоқмырзаев, кейін Айдаров–Тоқмырзаев–Бәкіров сынды идеологиялық үштік өңірдегі саяси-тәрбие жұмысының жетілуіне айтарлықтай үлес қосты.

Мәдениетті дамытуға, Сыр өңірінде айтысты қайта жаңғыртуға ерекше көңіл бөлінді. Бұл жұмыстар республика үкіметі мен қоғам тарапынан да жоғары бағаланды. Н.Бекежанов атындағы театрдың әртістері Жібек Бағысова мен Серік Шотықов Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері атанды, ал Манап Көкенов Қазақстанның халық ақыны атағына ие болды.

1985 жылы Н.Бекежанов атындағы драма театрының жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Бұл актерлер мен басқа да шығармашылық қызметкерлерге техникалық жағынан жақсы жабдықталған сахнада өз шеберліктерін шыңдауға мүмкіндік берді.

Жаңа сахнаға гастрольдік сапармен келген Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ драма театрының КСРО халық әртістері Сәбира Майқанова, Ыдырыс Ноғайбаев, Фарида Шәріпова, Бикен Римова секілді сахна санлақтары да оның жоғары деңгейін бағалады.

Сол жылдары, яғни 80-жылдардың басы мен ортасында, облыс тұрғындары Манап Көкенов, Махамбетқали Тұрсанов, Заматдин Ибадуллаев, Бекзүзак Тәңірбергенов, Серік Өтепов, Ниятolla Раманқұлов секілді айтыс өнерінің шеберлерін сахнадан асыға күтетін. Сол жылдары Серік Ыдырысов, Нұрберген Тастаев, Лена Әбдіқаликова және басқа да ақындар айтыс аламынында алғашқы қадамын жасады. Шамшат Төлепова, Әбілаш Әбуов, Көшеней мен Бидас Рүстембековтер, Алмас Алматыв Сыр өңіріне тән жыраулық дәстүрді белсенді насихаттаушыларға айналды. Олардың өз мектептері қалыптасып, ізбасарлары пайда болды. Бұл тақырыпты Лена Әбдіқаликова жанырма жыл бойы арнайы зерттеп, нәтижесінде «Сыр сұлейлері» атты ғылыми еңбек жазды. Кейін осы еңбегінің негізінде кандидаттық диссертациясын қорғады.

органдарының жұмысындағы кемшіліктер мен түйткілдерді ашып көрсетіп, жағдайды түзету үшін тиісті шаралар қабылданатын.

Басшылардың халық алдында есеп беруі оларды шыңдап, халыққа жақындау түсті әрі қоғамдағы түрлі мәселелерден хабарлар етті. Менінше, бүгінде Қазақстанда әртүрлі мінберлерден айтылып жүрген «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы сол кездің өзінде іс жүзінде өмір сүріп, жұмыс істеген.

Нұрмақ Тоқмырзаұлымен қызмет бабында Қазақстанның 60 жылдығын дайындау және өткізу қарсаңында жақынырақ араластым. Осы шараға қатысты басқарудың барлық тетігі Нұрекеңнің қолында болды.

Өңір тарихына арналған статистикалық жинақтар мен кітапшалардың тұтас сериясы жарық көрді. Бұл басылымдар ғалымдар мен зерттеушілерге, студенттер мен оқушыларға, сондай-ақ қалың оқырманға Сыр өңірінің тарихын зерттеуге айтарлықтай көмектесті.

Қазір бұл басылымдарды табу өте қиын. Олар библиографиялық сирек кездесетін дүниелерге айналып, жеке қорлар мен мұрағаттарда сақтаулы.

Нұрекеңнің бойындағы тиянақтылық, көрегендік және өмірді қағаздан емес, шынайы болмысынан білуі маған әрдайым ұнайтын.

Ол бізді жұмысты жоспарлы түрде, артық данғаза мен даурықпасыз, асығыстық пен абыр-сабырсыз атқаруға үйретті. Көрсеткішті, сыртқы сән-салтанатты, көптеген үгіт-насихат шараларына тән жасанды атрибуттарды ұнатпайтын. Жұмыс талабын қысқа әрі анық қоя білетін. Оның әрбір сөзінің астарында алдын ала ойластырылған, сараланған ұстаным жататын. Мәселені барынша нақты әрі анық тұжырымдайтын. Әдетте қалыптан тыс ойлап, талқыланып отырған мәселеге күтпеген қырынан қарайтын. Қарапайым, көзге көріне бермейтін жұмыстан ешқашан қашпайтын, қаламды жақсы менгерген еді. Басшылыққа дайындаған материалдарымызды ол редакциялағаннан кейін үштен бірге, кейде тіпті екі есеге дейін қысқартатын. Осындай талап пен шыңдаудың арқасында оның қарамағында жұмыс істеген облыстық партия комитетінің көптеген қызметкері бүгінге дейін өз ойларын қағазға сауатты жеткізе алады. Арамызда әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеген қаламы жүйрік журналистер – Рахымбеков, Бәйменов, Егоров, Пірназаровтар да болды.

Нұрекең өз көзқарасын әрдайым батыл қорғайтын. Басшылықтан да, беделді адамдардан да именбейтін. Оның принципшілдігі кейде басшылықты тығырыққа тірейтін.

Әріптесіміз Бибайша Байзақова, белгілі музыкант Мүлқаман Қалауовтың жұбайы, Нұрекеңнің моральдық қолдауының арқасында Мәскеуге бірнеше рет барып, жолдасының музыкалық шығармаларының ғылыми тұрғыдан ақталуына қол жеткізді. Ол Алматы консерваториясына жұмысқа шақырылды. Әртүрлі жылдары жазған музыкалық шығармалары үшін доцент ғылыми атағы берілді.

Біріншіден, осындай ерекше шығармашылық тұлғаға қатысты әділдік қалпына келтірілді. Екіншіден, бұл атақ отбасының материалдық жағдайына да айтарлықтай қолдау болды.

Облыс тізгінін қолына алған Еркін Нұржанұлы Әуелбеков Нұрмақ Тоқмырзаұлының іскерлік қасиеттерін жан-жақты зерттеп, оған облыстық партия комитетінің партия комиссиясын басқаруды сеніп тапсырды.

Осы жылдары лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне қатысты комиссияға келіп түсетін хаттардың саны бірнеше есеге өсті. Қаралатын мәселелер кейде күрделі әрі екіұшты болғанына қарамастан, Нұрекең әр істен абыроймен шығатын.

Екі мысал келтірейін.

Облыстық партия комитетінің партия комиссиясы мұқият жұмыс жүргізіп, материалдарды жан-жақты зерттеудің нәтижесінде республикалық деңгейдегі алаяқтардың бірін әшкереледі. Ол өзін «сыртқы барлау қызметінің отставкадағы полковнигі» Садықов ретінде таныстырып, Аралды құтқару қорына орасан зор қаржы аударғанын мәлімдеген.

Республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары жазған «жомарт жан» туралы аңызды жокқа шығару үшін батылдық пен жігер қажет болды. Өйткені бұл тергеу жалған ақпараттың таралуына жол берген жоғары лауазымды адамдарға да қатысты еді.

Бұл істе Нұрмақ Тоқмырзаұлы мен оның қарамағындағы Құттыбай Сыдықов принципшілдік танытып, істі соңына дейін жеткізді.

Партия комиссиясы төрағасының принципшіл екенін білетіндер басшылардың үстінен анонимді арыз-шағымдар жазатын. «Әлдебір өсек немесе қауесет оның назарын аударарды» деп ойлайтын. Мұндай хаттардың саны есеп беру-сайлау партия конференцияларын дайындау және өткізу кезеңінде тіпті көбейетін. Бұл Нұрмақ Тоқмырзаұлынан сабырлықты, жағдайды жақсы білуді және хаттарда келтірілген фактілерді мұқият зерттеуді талап ететін.

әрдайым жылы еді. Мысалы, өмірден өткен Камал Ормантаев, Ернияз Омаровпен студенттік кезінен дос болды. Ал Айтбай Стықбаев, Асылбек Нұралиев, Мақсұт Абдразақов, Нұрман Әбуов, Шамиль Нұрымгереев, Хамит Ембергенов, Камалладин Наурызбаев, Сейтнәби Мұқашевпен комсомол және атқарушы органдарда бірге қызмет істеу барысында достық қарым-қатынас орнады.

Досы Асылбек Нұралиев қайтыс болғаннан кейін Нұрекең оның отбасына, жұбайы Қымбатқа, балалары Сәулеге, Алтынбекке, Айманға, Баянға, Шолпанға әрдайым көмек көрсетіп, қолдау білдіріп жүрді.

Зейнет демалысына шыққаннан кейін де Нұрекең еліне пайдасын тигізуді жалғастырып, ардагерлер ұйымында қызмет етті. Немере-шөберелеріне қамқор болды. Онымен соңғы рет 80 жасқа толған күні өз үйінде кездестік. Сол кезде өмір жолы туралы естелік жазып жүргенін айтты.

«Егер Жаратқан ием соңына дейін ойлағанымын бәрін жазып шығуға мүмкіндік берсе, барлығын боямасыз жазуға тырысамын. Бұл менің алпыс жылдан астам бірге өмір сүрген, осы жылдардың барлығында маған тірек болған жұбайым Жастықұлге, балаларыма, немерелеріме, туыстарыма, достарыма және әріптестеріме берген өзіндік есебім болмақ. Өмір бойы адал әрі жауапкершілікпен өмір сүруге тырыстым. Егер мұны жүзеге асыра алған болсам, оны өзімнің ең үлкен жетістігім әрі бақытым деп санаймын!» – деді.

Нұрекең ойындағысын қағазға түсіріп үлгерді. Жұбайы Жастыққұл апай мен балалары дүниеден өткеннен кейін араға жыл салып, «Өшпес өнеге» атты кітап шығарып, оған Нұрекеңнің естеліктерін, сондай-ақ марқұмның әріптестері мен достарының естеліктерін енгізді.

Ол «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Қызылорда қаласындағы көшелердің біріне оның есімі берілді.

Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Уақыттың өлшемі – адамның өмірі. Адам ғұмырының өлшемі – артында қалған іс», – деп жазған.

Ұстазым Нұрмақ Тоқмырзаұлы ұрпағына ең қымбат әрі баға жетпес мұраны – өзінің кіршіксіз адалдығы мен ар-намысын қалдырды. Бұл қасиет оларға өмір бойы адамгершіліктің рухани төлқұжаты болып қызмет ететіні сөзсіз.

Кенес МАХАМБЕТОВ,
еңбек ардагері, Астана

БАЗАРҒА ЗАТ САТЫП АЛУҒА БАРСАҢЫЗ

Базардың дүкендерден ерекшелігі саудаласуға болады. Тәжірибелі үй ханшайымдары сауда нүктелеріне тұрақты барып, бағаларды қадағалап отырады. Олардың пікірінше, балғын ет, сүт, жеміс-жидектерді базардан, тексерілген сатушылардан, ал жарма, қант, шай және басқа негізгі азық-түлік өнімдерін шағын көтерме сауда нүктесінен сатып алған тиімді.

Маусым кезеңінде жемісті базардағы өндірушіден тікелей сатып алған дұрыс. Басқа уақытта базарларда негізінен дүкендегідей жеміс-жидектер сатылады. Тауарлардың сөреге жетуін қадағалау қиын. Өкелінген жидектер парафинмен және бояғыштармен өңделген, құрамында нитрат және радиация болуы мүмкін, ол улануға немесе аллергияға әкеп соғады.

Көп адамдар базарда жекеменшік иелерінен сатып алған қауіпсіз деп есептейді. Өз бақшаңыздың болуы жердің зиянды химикаттармен өңделмейтінін білдірмейді. Топырақта өскен өнімнің жылыжайдағы өнімнен артықшылығы көрініп тұрады. Жылыжайда жасанды жарық, жылыту және саяжай-бақша өнімдері де қауіпті болуы мүмкін. Егер маңында трасса немесе химиялық зауыт болса, уланған, жүріп өткен машиналардың токсиндері мен газдарын өзіне сіңіріп алады. Сондықтан базардағы өнім қандай жағдайда

сатылатынын ескерген жөн. Кез келген базарда өзінің санитарлық және ветеринарлық бақылау қызметі бар, ол барлық өнімді талдауға сынауы тиіс.

Егер базарда сатып алу ресми құжатсыз жүзеге асырылса, тауарды қайтару егер сатып алушы базардың нақты сатушысынан сатып алғанын дәлелдесе, мүмкін

болады. Сондықтан базарға таныстарыңызды ертіп барыңыз, кейін сауда жасағанда тауарларды немесе азық-түлік сатып алған кезде тауарды айырбастауды немесе ақшаны қайтаруды талап ету үшін керек болады.

Чек болмаған жағдайда тауарды сатып алу фактісін куәлердің айғақтарынан басқа фотосуретпен немесе



бейнежазбамен растауға болады («Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы). Енді күзетшінің сатып алушыға тауарды, бағаларды ұялы телефонға немесе басқа құрылғыға еркін түсіріп алуға тыйым салуға құқығы жоқ. Егер мәміле куәлердің қатысуымен жасалса немесе фото немесе бейнеқұжаттар болса, кез келген сот («Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұтынушының жағында болады, іс қаралып қана қоймай, қанағаттандырылатын болады.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

ҚР Сауда және интеграция министрілігінің Қызылорда облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, Қызылорда облысы,

Қызылорда қ., И.Журба көшесі №12 ғимарат, 3-қабат, жедел желі телефоны: 8(7242)71-15-30.

Инстаграмм: *dzppkzylorda*
Фейсбук: *Дзпп Кзылорда*

КӨҢІЛ АЙТУ

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымы әріптесіміз Гауһар Қожахметоваға ағасы **СИСЕНБЕК АСҚАРУЛЫНЫҢ** дүниеден өтуіне орай, отбасының, туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Жалпы құны 13 миллиард теңгеге жуықтайтын ауқымды инфрақұрылымдық жоба құрылысын осы салада тәжірибесі бар «Әлем Құрылыс» компаниясы жүргізеді. Инженерлік нысанның ұзындығы 319,4 метрді, ал ені 12 метрді құрайды. Өткел тек көліктер кетпелісін азайтып қоймай, қала тұрғындарының белсенді де қауіпсіз қозғалысына жол ашпақ. Жоба аясында жаяу жүргіншілердің жайлылығы үшін ені 3 метр болатын кең тротуар және велосипед мінгендер үшін әрқайсысының ені бір жарым метрді құрайтын екі арнайы веложол салынады.

– Биыл Қызылорда қаласының жол-көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 38 млрд теңгенің 23 жобасы іске асырылуда, 71 көше күрделі жөнделіп, қайта жаңғыртудан өтіп жатыр. Мәселен, «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы оңтүстік магистралды канал арқылы өтетін жаңа көпір құрылысы толық біткенде, көлік қатынасы реттеледі. Торайғыров көшесінен «Қызылорда-Құмкөл» автожолына дейінгі Сағымбаев көшесіндегі қайта жаңғырту жұмыстары да аяқталуға жақын. Жаңа көпір мен жанартылған Сағымбаев көшесі «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізі мен Астана қаласынан келетін жолды түйістіретін үлкен әрі заманауи қақпаға айналады. Бұл игіліктер Президентіміз бен Үкіметтің қолдауының арқасында жүзеге асуда. Баршаның ел дамуы, тұрғындарымыздың жайлы тұрмысы мен өскелең ұрпақтың жарқын болашағы жолындағы ерелі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Көлік инфрақұрылымын дамытып көпір салумен қатар қаладағы басты көше Назарбаев даңғылы мен бірнеше негізгі көшелер толықтай қайта жаңғыртылды. Ауқымды жұмыстар қала маңындағы елді мекендерді де қамтыды. Нақтырақ айтсақ, Тасбөгер кентіндегі Иманов, Бозғұл-1, Наурыз және Есенов көшелері кеңейтіліп, тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы қозғалысына жағдай жасалды.


Сондай-ақ Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Президент саябағы жаңа кейіпке енді.

Басы 1-бетте



«Ақмешіт-ақпарат»

«Ақмешіт-ақпарат»



Мұғалім жұмысын тексеру емес, қолдау маңызды

Алдағы уақыттарда мұғалімдер қағазбастылықтан және пайдасыз тексерістерден босатылады. Сонымен қатар педагогтердің аттестациядан өткізу талаптары да қайта қаралады. Мемлекет басшысы тамыз конференциясында қоғамдағы осындай өзекті мәселелерді де қозғайды. Білім беру жүйесіндегі реформаларды асығыс жүргізуге мәселесінде атап айтты. Ел Президенті кадр тапшылығы, оқулықтардың сапасы, жасанды интеллекттің енгізу мәселелеріне де мән берді.

– Ұстазды қадірлей білу – өркеніетті қоғамға тән қасиет. Біз ұлт сапасын арттырамыз десек, бірінші кезекте мұғалім Сонымен қатар мұғалімдердің біліктілігін көтеру мәселесіне ерекше назар аударған жөн. Алайда осы саладағы кезекті ауқымды реформаны жасаймыз деп, бүкіл оқу жүйесін қысқа мерзімде түбегейлі өзгертуге болмайды. Әйтпесе, бұрыннан қалған теріс нәтижелер осы аса маңызды саланың тас-талқаннан шығарғаны есімізде бар. Осындай сынақтар оқу саласына үлкен зиян әкелді. Тек реформа үшін жай ғана аты бар, заты жоқ реформалар жүргізуді доғару қажет. Басқа сөзбен айтқанда, реформаларды, өзгерістерді, әрине, жүргізу керек, бірақ ондай өзгерістер мұғалімдерді әбден шаршатып, оларды күйзеліске ұшыратпауы керек, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ұстаздардан аттестация ережесін қайта қарау туралы көптеген өтініш келіп түсетінін атап айтты. Сондықтан да мұғалімдерді артық жүктемеден және қағазбастылықтан босату қажет. Осыған орай, педагогтерді аттестациядан өткізу талаптарын оңтайландыру, жетілдіру жөнінде тапсырма берді.

Басы 1-бетте

Фаст-фут жарнамасы қаптап кетті

Мемлекет басшысы тамыз конференциясында бала денсаулығына қатысты мәселелерге де кеңінен тоқталды. Атап айтқанда, елімізде дәрігерлердің бақылауында кант диабетіне шалдыққан 7 мыңға жуық бар екен. Дәл қазіргі фаст-фут жарнамасы қаптап тұрған уақытта олардың саны көбеймесе, азаймайтыны анық. Сондықтан да Үкіметке фаст-фут жарнамасын шектеуді тапсырды.

– Тағы бір мәселе. Фаст-фудтың агрессивті жарнамасы қаптап кетті. Тез ішіп-желінетін тағам зиянды әдет қалыптастырады, денсаулық сақтау жүйесіне салмақ түсіреді, еліміздің еңбек күші әлеуетіне теріс әсер етеді. Көптеген ел құрамында май, кант және тұз мөлшері жоғары өнімдердің жарнамасына тыйым салуды немесе шектеу қояды. Бұл өте күрделі мәселе. Түрлі шетін тұстары, пікірталастарға негіз болған медициналық, тіпті саяси астары бар. Дегенмен, Үкімет, ең алдымен, балаларымыздың саулығын ойлап, аталған проблеманың ұңғыл-шұңғылын мұқият зерделеуі керек, – деді ел Президенті.

Әлеуметтік желінің кері әсері

Тамыз конференциясында Мемлекет басшысы өскелең ұрпақтың психологиялық саулығын сақтау мәселесін атап айтты.

– Мәселен, ақпараттың шамадан тыс көбейіп кетуі қоғамға, соның ішінде жас ұрпаққа кері әсерін тигізе бастады. Мұндай ахуал азаматтардың жұмыс қабілетін төмендетеді. Бұл, әсіресе, болмыс-бітімі енді қалыптасып келе жатқан балалар үшін өте қауіпті. Әлеуметтік желілер, цифрлық платформалар, жасанды интеллект пен агрессивті маркетинг балалар дүниетанымына отбасы мен мектептен кем әсер етпейді.

Айтолқын АЙТЖАНОВА



Мәселен, облыс орталығындағы жол инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыру үшін 185,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Аталған қаржыға 2022-2026 жылдары 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелін салу, және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Соның нәтижесінде төрт жыл ішінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесі 82-ден 95 пайызға дейін артқан.

Биыл аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, шет аймақ жолдарын жөндеуге басымдық берілуде. Яғни, 23,6 млрд теңгеге қаладағы, қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтердегі 70 көше қайта жаңғыртылып, күрделі және орташа жөндеуден өтеді.

Қазіргі таңда жол жөндеу жұмыстары Байтерек тұрғын ауданында атқарылуда. Мердігер мекеме «Алем Транс Жол» ЖШС ұзындығы 1,2 шақырымды құрайтын автомобиль жолының құрылысын жүргізуде. Бүгінде жұмысшылар өндірте жұмыс істеп жатыр. Себебі межелі уақытта дейін үлгеру міндеттелген.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте



«Ақмешіт-ақпарат»

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӘЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.
Таралымы 3326 Тапсырыс №1482

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА